

АЙҚЫН

ТҰЛПАР ТЕКТЕС ТҰЛҒА



Бәйкен Әшімов! Бала күнімізден жадымызға жатталған есім. Елбасының сенімді серігі болған оның өмірі өнегелі, ішкі мәдениеті аса жоғары, халқына сыйлы, ұрпақ қамын жеген санаулы ақсақалдардың бірі еді.

Тәуелсіздік жылдарында зейнеткерлікке шықса да, еліміздің барлық маңызды оқиғаларының басы-қасында жүрді, тәуелсіз Қазақстанды құруда Елбасының барлық бастамасын қолдап-қуаттап отырды. Жасы 90-нан асса да, түрлі жиналыстарға қатысып, ел аралап, өзінің ойын жастарға жеткізуге тырысты. Абыз ақсақал Президент сайлауында Елбасына ақ батасын беріп тұрып: «Ел аман болсын, ел бағына туған ер аман болсын», – деген-ді.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Бәйкен Әшімұлы дүниеден өткенде: Бәйкен Әшімов шын мәнінде, білімді, талантты, талапшыл, адамгершілік қасиеттерге бай, аса беделді тұлға бола білді. Халқымыз оның өнегелі өмірі мен еңбегін ұмытпайды. Бұл кейінгі ұрпаққа жақсы үлгі болуы тиіс» деп еді.

Әр дәуірдің айбынын тасытып, рухын көтеретін – Толағай тұлғалары болады. Бәйкен аға – өз заманының заңғары, елінің майталман марқасқасы еді.

Оның ғұмырнамасы да ұрпаққа үлгі, кім-кімге де өнеге боларлық өрелі жол. Ол қан майданда елін қорғап ерлік көрсетсе, бейбіт күнде елі үшін еңбек етіп, парасатын танытты, даналығын дәлелдеді.

Бәйкен Әшімұлының есімін тек Қазақстан ғана емес, шет елдер де жақсы біледі. Ұлы Отан соғысының ардагері, одақтас республика Үкімет басшыларының ішінде тұңғыш Социалистік Еңбек Ері атағын алған. Аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері. 1970-84 жылдары Қазақ КСР Министрлер кеңесінің төрағасы, 1984-85 жылдар аралығында Қазақ КСР Жоғарғы кеңесі президиумының төрағасы болған тарихи тұлғалы адам. «Бәйкен Әшімов Министрлер кеңесінің төрағасы қызметінде жүргенде республикамыздағы кәсіпорындарды электрлендіру, механикаландыру және өндірісті автоматтандыру істерін жүзеге асырды. Жаңа технологиялар енгізді. Соның арқасында энергетика, химия және жеңіл өнеркәсіп, машина жасау салалары қарқынды дамыды. Бәйкен Әшімов жұмыста өзін тамаша ұйымдастырушы және талапшыл басшы ретінде көрсете білді» дейді оны жақсы білетін, қызметтес болған замандастары мен әріптестері.

«Біз 14 жыл бірге істестік. Мен 14 жыл оның орынбасары болдым. Бәкеңнен кейін бізде күні бүгінге дейін жоғары дәрежеде 14 жыл үкімет басқарған адам болған емес. Бәкең мен Димекең өте тату болатын. Қандай тапсырма болса да, Бәкең оны бұлжытпай орындайтын. Бәйкен Әшімов – Қазақстанда ғана емес, бүкіл Одақ деңгейінде абыройлы болған кісі. Сондықтан оның ұлағатты өмірі мен сіңірген еңбектері бүгінгі ұрпаққа үлгі» дейді мемлекет және қоғам қайраткері Сұлтан Жиенбаев. «Бәйкен Әшімұлымен бірге қызмет еткен жылдары оның парасаттылығына, еңбекқорлығына, адамгершілігіне тәнті болдым. Ол ел қамын ойлап, халықтың болашағы үшін тер төкті. Нағыз елінің патриоты деп осындай жандарды атар едім. Бұл кісінің жүріп өткен жолы бүгінгі саясаткерлерге өнеге» дейді ол туралы «Премьер» атты кітап жазған Николай Колинко.

«Бәйкен Әшімұлы қазақтың ел басқарып, халық қызметінде болған жігіттерінің ішіндегі тұрлаулысының, кісілігі мол, аса қайырымды, кішіпейіл азаматтарының бірі еді. Осы мінез-құлқымен ол ұзақ жылдар бойы Димаш Қонаевпен тізе қосып, Қазақ Республикасын басқарды. Екеуі елімізді кеше Одақ көлеміндегі көрнекті республикалардың қатарына қосты. Бүгінгі Президент Нұрсұлтан Назарбаевты тауып, танып, жауапты жұмыстарға тартты. Бәйкен аға өз орнына Қазақ КСР Министрлер кеңесінің Төрағасы қызметіне Назарбаевты отырғызып, өзі Жоғарғы кеңес төралқасын басқаруға ауысты. Тәуелсіздік алу кезімізде де Бәйкен аға ұлы өзгерістерге тілектес болып, Тұңғыш Президентіміздің бұл жолдағы бастамаларына өз үлесін қосты. Тәуелсіздіктің ақсақал батагөйі болды. Оның табыстарына ылғи да қуанып, Президентті қолдап отырды» дейді академик Серік Қирабаев. «Кеңестік деп аталатын үлкен дәуірдің соңғы ұлы қайраткері болды ол кісі. Брежнев, Косыгин, Қонаев сынды аса көрнекті мемлекет қайраткерлерімен терезесін тең ұстады, тең сөйлесті. Бәкеңнің кереметтілігі мен кемеңгерлігі сонда, ол алдыңғы дәуірдің тұлғалы, тұрпатты қайраткерлерінің соңғы тұяғы болып қана қоймай, тәуелсіз елінің бүгінгі өрлеген, өркендеген, өрге басқан өмірін де көріп, соған күнбе-күн қуанып, тілекшісі болып отырды. Елі-жұртын алдағы жарқын болашағына, жаңа ғасырдың беліне, Еуропаның төріне қарай асырып салды» десе ол туралы Мақтай Сағдиев, «Өзі бай, өзі кең, Етек-жеңі кең, Елдің бас ақсақалы абыздармен тең» депті академик Манаш Қозыбаев.

БІР ӨЗІ БҮТІН БІР ДӘУІР БОЛҒАН

Бәйкен Әшімов 1917 жылдың 10 тамызында Ақмола облысы Рузаев ауданындағы мал баққан жартылай көшпелі қазақ ауылында, тұрмысы орташа Жақып баласы Әшім деген кісінің

отбасында дүниеге келеді. Алты айға толар-толмаста кенеттен әкесі қайтыс болып, анасы Сақыптың тәрбиесінде өседі.

Жас Бәйкен 1928-1930 жылдардағы ауыл шаруашылығын жаппай ұжымдастыру кезінде жүргізілген асыра сілтеу зардаптарын көріп, 1932-1933 жылдардағы ашаршылықты басынан өткерген. Он бес жасқа толғанда анасы Сақып пен атасы Қабдолла ұлдарының аштық жайлаған ауылда қалғандығын жөн көрмей, елден алыс кетіп, өмір жолындағы белестерін бағындырғанын қалапты. Сөйтіп, Бәйкен туған ауылы Шабакбаймен қоштасып, жолға шыққанда, бұл кезең – елді аштық жайлаған 1932 жылмен тұспа-тұс кез екен. Осы жылдары Қызылжар қаласына барып, теміржолдың фабрика-зауыт училищесіне оқуға түсіп, паровоз жөндейтін слесарь мамандығын алып шығады. Одан кейін Солтүстік Қазақстан облысы Ленин ауданына қарасты ауылшаруашылық техникумында оқуын одан әрі жалғастырады. 1938 жылдың бас кезінде аудандық комсомол комитетіне қызметке алынып, сол жылдың күзінде міндетті әскери қызметке шақырылады. 1941 жылдың маусым айында әскери міндетін өтеп елге оралады.

Жиырмадан жаңа асқан Бәйкен Отан соғысы басталғанда орта мектепте мұғалімдік қызметте еді. Сөйтіп, ол 1942 жылдың шілдесінде қайтадан әскерге шақырылады. Солтүстік-Батыс, Батыс, I Белорус майданында соғысқа қатысып, 1944 жылдың қыркүйегінде Варшава үшін шайқаста ауыр жарақат алады. Содан 10 ай бойы емделіп, 1945 жылдың шілдесінде госпитальден шығып, мүгедек ретінде әскерден босап, елге қайтарылады. «Егемен Қазақстан» мен «Казахстанская правда» газеттеріне берген сұхбатында Бәйкен Әшімов «Мен майданда қазақ сарбазының абыройын төмендеткен жоқпын деп ойлаймын. Қасық қаным қалғанша күрестім. Сол ерліктерім үшін Сталиннен екі рет марапаттау хатын алдым. «Қызыл жұлдыз» орденімен, Ұлы Отан соғысының I және II дәрежелі ордендерімен, «Ерен еңбегі үшін» медалімен, Польшаның «Вертути милитари» орденімен марапатталдым. Поляктардың бұл ордені Варшава қаласын азат етуде асқан ерлік көрсеткен жауынгерлерге берілді» дейді

Соғыстан кейінгі жылдары Бәйкен Әшімұлы Ленинград ауыл шаруашылығы институтын, одан кейін Жоғарғы партия мектебін бітіреді.

Соғыс ардагерінің еңбек жолы Көкшетау облысының Айыртау ауданынан басталады. Әуелі аудандық атқару комитетінде жауапты хатшы, одан соң атқару комитеті төрағасының орынбасары, кейін партия комитетінің екінші хатшысы қызметтерін атқарады. Біршама уақыт Көкшетау облыстық ауылшаруашылық басқармасы басшысының бірінші орынбасары болып қызмет істейді.

Б.Әшімов одан кейін Қарағанды облысында 7 жыл бойы басшы қызметтер атқарады. Оның ішінде 5 жыл облыстық кеңес атқару комитетінің төрағасы және 2 жыл облыстық ауылшаруашылық партия комитетінің бірінші хатшысы болып, облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуына елеулі еңбек сіңіреді. 1968-1970 жылдары ол Талдықорған облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы, ал 1970 жылы республика Министрлер кеңесінің төрағасы болып тағайындалады. Бұл қызметті ол 1984 жылға дейін атқарады.

Бәйкен Әшімұлының басшы ретіндегі ұйымдастырушылық таланты осы жылдары барынша жарқырап көрінеді. Өнеркәсіпті техникалық қайта жарақтандыру, өндірісті электрлендіру, механикаландыру және автоматтандыру, жаңа технологиялар енгізу белсенді түрде жүргізіледі. Көлік, энергетика, химия, жеңіл өнеркәсіп, машина құрастыру салалары, жалпы алғанда Қазақстанның экономикалық әлеуеті жоғары қарқынмен дамиды. Бұл қызметтен кейін Бәйкен Әшімов республика Жоғарғы кеңесі төралқасының төрағасы – КСРО Жоғарғы кеңесі төралқасы төрағасының орынбасары болып сайланып, 1985 жылы 68 жасында зейнет демалысына шығады.

Бәйкен Әшімұлы – қай жұмыста болса да еліміздің дамуына елеулі өзіндік үлес қосқан талапшыл басшы, шебер ұйымдастырушы ретінде өзін көрсете білген адам. Кеңес үкіметі кезінен Қазақстанның тәуелсіздік алғанға дейінгі уақыт аралығында елі үшін аянбай, емірене қызмет еткен халқымыздың ардақты ұлдарымен бірлесе, атап айтар болсақ, Д.Қонаевпен, бертінде Н.Назарбаевпен бірге серік болып, ел экономикасының серпінді дамуына зор жағдай жасады. Брежнев, Косыгин, Байбаков сынды Кеңес қайраткерлерімен терезесін тең ұстап, тең сөйлесті. Д. Қонаевпен біраз уақыт қызметтес болып, Алматы қаласының өсіп- өркендеуіне:

зәулім «Қазақстан» қонақүйінің, Арасан моншасының, Медеудегі Алматыны селден қорғау үшін салынған плотинаның, Республика сарайының, ескі алаңдағы үкімет үйінің салынуына Кеңес үкіметі көшбасшыларымен етене тығыз жұмыс істеп, орталық бюджеттен ақша бөлдіріп, құрылыстың аяқталуына жағдай жасағанын көбі біле бермейді. Сол кезеңдерде Қазақстанның экономикасы бүкіл Кеңес Одағы бойынша алғашқы үштік қатарында болатын. Бұл, әрине, Бәйкен Әшімұлы тәрізді ардақты азаматтардың маңдай терімен жеткен табысы деуге әбден болады. Ол жас кезінде аштықты да, жұтты да, талай соғысты да, репрессияны да басынан кешіріп, қайнаған еңбекке кірісіп, қазақтың көшін алға сүйреуге аянбай қызмет етті. Экономиканың өрлеуі, республиканың әр өңірінде мұнай мен газ зауыттары, металлургия комбинаттары көптеп ашылып жатты. Ғылыми-техникалық төңкеріс жасады десек те болады. Өте халықшыл жан болған ол, тек ұлтының ұпайын түгендеп жүретін, береке мен бірліктің жаршысы болатын. Ежелден күнкөріс көзі – мал санының өсуіне, егіннің мол, жемісті болуына да игі ықпалын тигізді. Терең білімді, өте білікті басшы бола білген Бәйкен Әшімұлы қандай саланы басқармасын, қандай істі қолға алмасын оның ақырына жетпей, нәтижесін шығармайынша тоқтамайтын. Мұндай қасиеттері оның ұйымдастыру қабілеті мен қайраткерлігін өзгелерден ерекшелейтін белгісі сипаттас болып табылатын. Алты Алаштың абызы дерлік ақсақал – Социалистік Еңбек Ері, 4 рет Ленин орденімен, екі рет І дәрежелі Отан соғысы, Октябрь революциясы, Еңбек Қызыл Ту, Қызыл Жұлдыз, Парасат ордендерімен, сондай-ақ Польша мен Моңғолияның жоғары наградаларымен марапатталған. КОКП Орталық комитетінің мүшесі, КСРО Жоғарғы кеңесінің жетінші және тоғызыншы шақырылымдарының депутаты болды. Өмірі өнегеге толы, ішкі мәдениеті аса жоғары, халқына қадірлі, еліне сыйлы қазақтың шын мәніндегі зиялысы болған ақсақал өмірлік жары Бақыт Әсетқызы екеуі 64 жыл отасып, ұзақ та ұлағатты ғұмыр кешті, үш перзент тәрбиелеп өсірді.

Үлкендері Нэйлюфар – ғылым кандидаты, мамандығы бойынша инженер – экономист. Ұлы Оңдасын – техника ғылымдарының докторы, академик, Солтүстік Қазақстан университетінің ректоры. Кенже қызы Рауза анасының жолын қуып, математиканы таңдады. Ғылым кандидаты.

Бәйкен Әшімұлының жұмыс үстелінде ең соңғы жазып қалдырған бір парақ қағазында, ол кісі жан жары Бақыт Әсетқызы жайында : «1946-1950 жылдары Айыртау ауданының орталығы Володарское ауылында тұрдық. Ол жақта қыс аязды болатын. Бақыт жаным үйден мектепке және кері қарай жадағай пальто киіп, жүгіріп жүруші еді. (Соғыстан кейінгі жылдары кедей тұрдық). Құшағында тексеруге арналған дәптерлері болушы еді», – деп жазыпты. Міне, абыз ақсақалдың ең соңғы жазуы болған шынайы махаббат деген осы болар... 64 жыл жұптасып бақытты өмір кешкен жары Бақыт Әсетқызынан кейін 20 күнге жетпей өзі де о дүниелік болғанын айтсаңызшы.

2010 жылғы 5 ақпанда тоқсан үш жасқа қараған шағында аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, үлкен де таза жүректі азамат, парасат биігінен бір түспей кеткен халқымыздың қадірменді қариясының жүрегі мәңгілікке тоқтап еді.

САХИ АҚСАҚАЛҒА ДЕГЕН САҒЫНЫШ САРҚЫЛМАЙДЫ

Енді ептеп естелікке сөз берейік: «Қанша адаммен қызметтес, талайлармен жүздесіп, дәмдес – тұздас болсам да, солардың арасында болған кездесулер дәл Бәйкен Әшімовтей менің өміріме жарқын сәттерді, өшпес естеліктерді сала алмапты. Әрбір сөзді бағамдай, байыптай білетін, екіншісі біріне ашылып сөйлей бермейтін еді. Өте сыпайы жан болатын. Жүзіне үңілсең, өмірден көргені мен түйгені көп, жүрегі кең, көңілі кіршіксіз таза екенін бірден байқайтынсың. Өте кішіпейіл, адамгершілігі мол болатын. Сондайда қазақтың «Ұлық болсаң, кішік бол» деген сөзі есіме түседі. Бәкеңнің ел көзіне алдымен шалынатыны – кесек мінезі мен ойының да, бойының да бірдей үндескен нарлығы, алғырлығы, келісті тұлғасы мен кескін-келбеті, бауырмалдығы, мейірбандылығы, парасаттылығы, кісілігі, қайсарлығы, жан сұлулығы. Жиналыста, отырыстарда, қай жерде болмасын еңсесін тік, денесін нық ұстайтын. Бұл – оның сөзге тұңғыығына тереңнен бойлай мән беретіндігінің, қадірін түсіне, ойлана білгендігінің көрінісі. Қалжыңды өте нәзік айтатын еді. Жұмыстан қол тимей, көптен көріспесек, «Роза-ау, сенің атыңды ұмытып барамыз ғой» деп жай ғана астармен шайынды сағындық қой дегенін, жұмыс басты болып араласпай бара жатқанымызды ақырын ғана осылай білдіруші

еді. Ықылас-пейілі мол, бетінен нұры тамып тұрған көргенді азамат болатын. Мені өзінің туған інісіндей, Розаны қарындасындай көрді, өзіне етене жақын тартты. Бәйкен Әшімұлы мың өліп, мың тірілген қазақтың өткен ғасырының шежіресі іспеттес еді. Өмірі өнегеге толы, ішкі мәдениеті аса жоғары, қазақтың шын мәніндегі зиялысы болды. Бәйкен Әшімұлының кемеңгерлігі мен кереметтігі сонда, алдыңғы кеңестік дәуірдің өр тұлғалы, тұрпатты қайраткері ғана болып қоймай, тәуелсіздіктің тұғырын қаласқан тілек-шісі болып көзге ілінген елінің жанашыры еді. Жүрген жерінде тек гүл бітіп, басшы болған жерлерде соңынан тек жақсылық өрнектері қалып отыратын. Жұртшылық әрдайым үлкенге іні, кішіге аға бола білген пайымды азамат ретінде, сындарлы сәттерде әрдайым байсалды пікірін білдіріп отыратын ақылман абыз ақсақал ретінде мәңгі жадында сақтамақ. Жұбайы Бақыт Әсетқызы екеуі ұзақ та ұлағатты ғұмыр кешіп, ұл мен қызды тәрбиелеп, артына мол мұрасын қалдырды. Ұлтымыздың ұлағатты, қадірлі ақсақалы ретінде өмірінің соңына дейін бар көрген-білгенін жастарға айтуға, ақыл-кеңесін беріп, өсиет айтудан еш жалыққан емес. Күні кеше ғана Бақыт жеңгеміздің қазасында ешнәрседен сыр бермей, қорғасындай қатайып, үн-түнсіз сұрғылт жүзімен сабыр сақтап отырған қалпы әлі көз алдымызда. Бәріміздің көкейімізде «Шіркін-ай, нар десе нар еді-ау. Мұндайды, нар да көтере алмас еді» деген сияқты ойлар тұрды. Соңғы күндері «Енді Бақытым жоқ қой. Ойпырым-ай, Бақытсыз күнім қалай болады?» деген сөздерді де қайғы үстінде жиі айтатын. Көп кешікпей өзінің бұл өмірден қош айтысатынын болжалдап айтса да, не сезсе де, аузынан ел-жұрт аман болсын, кейінгі жас өскелең ұрпақ аман болсын дегенді өсиет етіп жиі айтатын. Сүйкімді де сүйікті Бақыт жеңгеміз Бәйкен ағамызға сай қосылған. Екеуінің сүйіспеншілігі ширек ғасырдан астам уақытқа созылып, нағыз махаббаттың қос шынарындай сезілетін. Шаңырағының отын сөндірмей, қабақ шытыс пен кірбіңге ешқашан жол бермей, ешқашан көңіліне сызат түсірткізбей, жұрттың барлығын бауырластырып, берекесін асырып жүретін аяулы жеңгемізге барлығымыздың да алғысымыз шексіз еді... Сөйткен күндердің бірінде жан-жағына қарасаң ұшы-қиырын тегіс аппақ қар жапқан сары даланың қатқыл аязында осындай сұп-суық хабар жеткенде түршіккен денем онан сайын мұздап сала бергенін әлі ұмыта алмаспын. Алпыс төрт жыл бойы бірге өмірдің ащысы мен тұщысын татып, құт қонған, тәңірі қонған киелі шаңырағын артындағы ұрпағына аманат етіп, айтуға тіл бармайтын, болмысыңа көнбейтін, жаныңа жақпайтын мәңгі сапарға бірінің артынан бірі кете барды. Дүние өзінің кемеңгер бір ұлынан, аяулы қызынан айырылып, сайын далада күңіреніп қала берді. Бәкеңнің жарқын мінезі, жайдары дидары тек менің ғана емес, барша қазақстандықтардың жүрегінде халқының адал да асыл азаматы ретінде мәңгілікке сақталатынына сенімдімін. Парасат биігінен түспеген, оның бойынан мен тек қайраткерлігі мен азаматтығын ғана емес, қазақ халқының абыз ақсақал бейнесін таныдым. Әдемі қартая білді. Ұлылығын көрсете білді. Кейінгіге ақылын да айта білді. Іс басындағы азаматтардың қай-қайсысы алдына ақыл сұрап барса, еш аянған емес, әрқашан көңіліне медеу болып жүргені. Бәйкен Әшімұлы зейнеткерлігіне, жасының ұлғайғанына да қарамастан, халқының бүгінгі саяси-әлеуметтік өміріне белсенді араласып, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың алға қойған мақсаттарының орындалуына даналық қазынасымен, бай тәжірибесімен ұйытқы бола отырып, жан сүйсіндірер жақсы істердің басынан көріне білді. Бәйкен Әшімұлы – қандай мақтауға болсын тұрарлық ұлт тұлғасы, халық баласы. Себебі, ол биік мәдениеттің, рухани тазалықтың адамы. Ол – өмір мектебінен еш сүрінбей өткен жан. Абай атамыз айтқандай, «ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұстаған» ізгілік істерімен, кемеңгерлігімен байтақ жұрттың ағасына айналған Бәйкен Әшімұлының орны бүгінде қаңырап босап қалғандай. Сары күздей сарғайған сағынышты қанша қайталап айтсақ та, қайта қайтара алмаспымыз анық. Біздің қолдан келері тек өткен шақта тек жарқын күндерді еске алу мен кейіпкеріміздің болмысына бойлай отырып, жадымызға түсіру ғана қалатын тәрізді...

Бәйкен Әшімұлы өмірін сараптай келе халқымыздың дана ұл-қыздарының еліне, жеріне Қазақстанның дамып өркендеуіне аса зор үлес қосқан қайраткерлеріміздің, ақын-жазушыларымыздың, мәдениетке, өндіріске еңбегі сіңген азаматтарымыздың ғылым мен білімнің дамуына маңдай терін аянбай төгіп, етене еңбек еткен ұлы адамдарымыздың өмірін, айтқан тағылымын, істеген істерін бүгінгі жастарға қалай жеткіземіз, осы асыл істердің мағынасын, мәнін өміріміздің өзегіне айналдыруға не істеу керек деген ой туады. Меніңше, мұндай қадамға аяқ басуда алдымен ортамызда бар, арамьзда жоқ Бәйкен сынды абзал тұлғаларымыздың тобын жинақтап, үлкен антология құрастырсақ, жастарды тәрбиелеуде

маңызы арта түспек. Қазақ халқы ондай өр тұлғалы тұлғаларға кенде емес. Әріден, ұлт болып қалыптасқаннан ел арасында абырой-даңқымен, келелі ойларымен тарихта аты қалған Майқы, Бұхар, Тәуке, Абылай, Төле, Қазыбек, Әйтеке, Мұхтар, Димаштай, т.б. жандардың тек өмірбаянын ғана емес, тәрбиелік мәнді тұстарын да құрастырып, осы жинақта ашып көрсету жағы көзделуі керек. Тіпті қолдан келіп жатса, мүсінін жасап, ол адам жайлы мағлұмат беретін үлкен музей ашсақ та әбден орынды. Бұл – қазіргі таңда кітап оқымайтын жастарды елінің елеулілерімен таныстырып, сол арқылы ұлтжандылыққа, отансүйгіштікке тәрбиелейді» дейді Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Жаңартпа технологиялар және білім беру мазмұны ҒЗИ директоры, ҚР Жоғары мектебіне еңбегі сіңген қызметкер, профессор М.Нуриев.

БӘЙКЕН МЕШІТІ



Алматыдағы Жандосов пен Розыбақиев көшелерінің қиылысында 2014 жылы 5 желтоқсан күні алматылықтар көптен күткен жаңа мешіт ашылды. Ол мешіт ел Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың ықыласты бастамасымен салынып, аса көрнекті мемлекет қайраткері Бәйкен Әшімовтің ардақты есімімен аталды.

Б.Әшімовтің көптен-көп дос-жолдастары мен серіктері үшін бұл өте-мөте күтпеген оқиға болды. Осылайша, Бәйкен Әшімов атындағы мешіт мұсылман қауымға есігін айқара ашты. Кірер есіктегі қара мәрмәрға үш тілде алтын әріптермен «Бәйкен мешіті 2014 жылы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасы бойынша салынды» деп жазылған. 2 қабаттан тұратын мешіттің сыйымдылығы – 3000 орын. 3 қабатты көлік тұрағы бар. Мешіттің ішкі, сыртқы көрінісі ұлттық нақыштағы ою-өрнектермен безендірілген. Мешітке барлық инженерлік коммуникациялар тартылған. Мешіттің алаңына орнатылған түнгі жарық шамдар да айналасына шуақты нұрын шашып өткен Бәйкен ақсақалдай ғимараттың көркін ашып тұрады...

Өмірі өнегеге толы, халқына қадірлі, еліне сыйлы болған, ішкі және сыртқы мәдениеті аса жоғары, қазақтың біртуар ұлт зиялысы, қайталанбас өр тұлға Бәйкен Әшімұлының есімі елі барда ешуақытта ұмытылмақ емес.

Төреғали ТӘШЕН